

Райымхан Кулзия Набиқызы

**МУЗЕЙЛІК АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР ТАРИХИ
ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ**

Райымхан Кулзия Набиқызы

ИСТОРИЯ МУЗЕЙНО-АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ МАТЕРИАЛОВ

Raiymkhan Kulzia Nabitsyzy

THE HISTORY OF THE MUSEUM AND ARCHAEOLOGICAL MATERIALS

УДК: 069.01

В статье раскрывается значение археологических источников в фондах музеев, особенности их исследования как музейных источников.

This article examines the meaning of archeological sources of museum finds, and features of their research as museum sources.

Музей қорларындағы археологиялық материалдар адамзат баласының өткен өмірінен нақты дерек, терең білім беретін маңызды тарихи дереккөздер болып табылады. Адамдардың көне мекендері мен тұрақтарының, қыстақтарының орны, обалар, ескі қорымдар және солардан қазба кезіндегі табылатын көне затта - сол заманның маңызды тарихи ескерткіші. Археологиялық материалдарға барлық археологиялық қазба жұмыстарынан нәтижесінде жер асты не жер беті үстінен табылған заттарды жатқызамыз.

Сонымен бірге, археологиялық ескерткіштерге көне шеберханалар, ежелгі қалалардың орны, табыну, тағзым ету ғибадатханалары, су жүйелері, тастағы жазулар, құрал-жабдықтар, тұрмыстық бұйымдар кіреді. Бүгінде музейлік ғылыми әдебиеттерде «музейлік археология» ұғымы жиі айтылып жүр. Өйткені археологиялық қазбадан алынған ескерткіштердің дені музейлерге алына-тыны белгілі.

Музейлік археология ғылымы үшін көне археологиялық ескерткіштерді зерттеу аса маңызды. Біріншіден, бұлар ~ біздің арғы ата-бабаларымыздың рухани тіршілігін қалпына келтіруге мүмкіндік беретін аздаған ескерткіштердің бірі. Екіншіден, жерлеу ғұрпы сонау көне замандардан бастап ритуалдық мәртебе ие болғаны белгілі. Яғни, аса маңызды этникалық белгілерді көрсететін маңыздылығы бар ескерткіштер ретінде саналады. Үшіншіден, адам жерленген обалардан құнды антропологиялық деректер алынады және жерленген адамның өмір сүрген уақытын, экономикалық эрі элеуметтік жағдайын пайымдауға мүмкіндік беретін заттай ескерткіштер көптеп табылады.

Археологиялық деректер тарихи кезеңдердің экономикасын, мәдениетін, тұрмысын көрсетуде кейде жалғыз дереккөз болып табылады. Археологиялық материалдарды экспозиция-лаудың ерекшелігіне міндетті түрде карта, сызба, қазба орындарының жоспары, жұмыс суреттері, қазуға

пайдаланылған құрал-жабдықтар, т.с.с. көмекші экспозициялық материалдармен толықтырылады.

Археологиялық деректерді музейлерде реконструкциялау арқылы да көрсетуге болады. Кейде ешқандай ізі қалмаған археологиялық материалдарды жаңғырту көне заманғы деректерді сол қалпында көрсетуге мүмкіндік береді. Сондықтан археологиялық материалдар музейлік дереккөздер ретінде аса маңызды орын алады.

Археологиялық материалдардан жан-жақты ақпарат ала білу үшін сан-алуан ғылыми пәндердің зерттеу әдіс-тәсілдерін, соның ішінде музейтану, музейлік деректану саласынан да терең білім қажет. Археологиялық деректерден алынатын ақпарат музей затын сақтау, қорғау, жүйелеу, классификациялау, экспозициялау, экскурсия жүргізу, т.б. музейлік қызмет ерекшеліктерімен байланысты.

Археологиялық зерттеулерді жүргізу барысында зерттеушінің (археолог ғалым, музей қызметкері) адамзат баласының тарихының барлық кезеңдерінен, шаруашылығы мен материалдық мәдениет, сол уақыттың табиғи жағдайларынан, қоғамның идеологиялық және рухани қызметінен жан-жақты тарихи білімі болуы талап етіледі.

Археологиялық қазба жұмыстарын жүргізудің өзіндік ерекшеліктері мен талаптары бар. Міндетті мемлекеттік рұқсат қағаздан басқа археологиялық ескерткіштерді қазу жұмысына кірісер алдында археолог не экспедиция басшысы күні бұрын барлау материалдары бойынша оның сипатын, жоспарын, стратегиясын бағалау, қазу жұмысы үшін ең перспективті учаскені белгілеу, мәдени қабатты аршудың техникасын ойластырумен қатар көне мекеннің аспаптық сырмасын (сызбасын) жүргізеді. Қабатты аршу әдісін екіге - траншеялық және көлемді алаңдық қазу деп бөледі.

Музейлерде археологиялық барлау мен қазбаларды ойдағыдай жүргізу үшін археологиялық ескерткіштердің түрлерін және ұғымдар мен атауларды, қазба жүргізу әдістерін, жаңа археологиялық әдіс-тәсілдердің технологиясын, табылған заттардың алғашқы атрибуциялау мен сақтау ерекшеліктерін нақты білу қажет.

Бүгінде еліміздің музейлерінде белгілі археолог мамандар жұмыс істеуде. Музей ғалымдары өз бетімен не басқа да ғылыми мекемелермен бірігіп археологиялық ізденістер жүргізеді. Еліміздегі

археологиялық зерттеулер кешенді түрде ұйымдастырылып, оған түрлі ғылыми сала мамандары тартылады.

Экспедициялар нәтижесінде табылған материалдары өвдеу кезінде табылған археологиялық ескерткіштің уақыты, заттардың жасалу технологиясы, химиялық құрамы, т.б. анықталады.

Археологиялық ескерткіштерді классификациялау, типке, категорияға бөлу де аса маңызды зерттеу сатысына жатады. Мысалы, жасалу материалдарына қарай тастан, кермикадан, сүйектен, металдан, ағаштан, т.б. жасалған заттар деп бөледі. Өрбір категорияға топталған зат ары қарай жасалу технологиясына да бөлінеді (керамика қолдан жасалған, қыштан күйдіру арқылы жасалған т.с.с.).

Музей қорына алынған археологиялық заттарды зерттеу және сипаттау өте маңызды жұмыстардың саласына жатады. Музейдегі археологиялық заттардың зерттелу деңгейінен музейдегі жинақтау, экспозициялау, археологиялық заттарды насихаттау сияқты мәселелер шешімін табады. Археологиялық материалдарды зерттеудің әр кезеңіне байланысты өз ерекшеліктері бар. Оны анықтап алмай, археологиялық материалдарды сипаттау қиынға түседі. Археологиялық материалдарды зерттеу ісінде салыстыру әдістері жиі қолданылады. Археологиялық материалды зерттеу музейдің каталогтарын жасау барысында өте маңызды рөл атқарады. Музей каталогі музей заттарын механикалық тұрғыдан тізіп шығу емес, деректанулық сипаты бар ғылыми басылым. Бұл басылымда деректердің ақпараттық қасиеттері толығымен ашылып, зат туралы толық мәлімет беріледі [1].

Музейдегі археологиялық заттардың зерттелуі мен сипатталуының әдістері мен принциптерін анықтау, табу музей қызметкерінің күнделікті қордағы, экспозициядағы, каталогпен жұмысындағы маңызды қажеттілік болып табылады. Музей заты ретінде археологиялық зат ішкі және сыртқы қасиеттеріне қарай сипатталады. Ішкі қасиетіне заттың материалы, формасы, мөлшері, сақталу деңгейі, бір сөзбен айтқанда заттың сыртқы белгілері арқылы басқа заттан айырмашылығы мен өзгешелігінің визуалды талдау арқылы көрінетін сипаты енеді. Бұл қасиеттерінен басқа археологиялық заттардың қазбадан табылған кезіндегі түр-сипаты мен жағдайлары ескеріледі. Өйткені археологиялық заттардың қасиеттері жер бетіне шыққаннан кейін өзгерістерге ұшырауы да мүмкін екені ескеріледі. Археологиялық деректерді экспозициялаудың да өзіндік принциптері бар. Экспозицияның тарихи-хронологиялық принципі материалдардың тарих ғылымында қалыптасқан хронологиялық жікке бөлуді айтады. Бұл принципті ұстануда музей археологиялық материалдардың беретін ақпараттық дерегіне, заттай ескерткіштердің сипатына сүйенеді.

Археологиялық ескерткіштер музей заттарының сыныпталу жүйесімен де тығыз байланысты.

Сыныпталу музейлік заттарды қорға алуда, көрмеге шығаруда, қор сақтауда пайдаланылады. Музейлік заттардың сыныпталуына «қарай да экспозициялау жұмыстары жүзеге асырылады, Мысалы: көне археологиялық кезең бойынша алғашқы адамдардың құрал-жабдықтары іріктеліп алынса, орта ғасырлық археология бойынша керамика, металл, қару-жарақ, нумизматикалық материалдар деп жүйеленіп қойылады. Археологиялық экспозициялардан тарихи кезевдер туралы білім алып қана қоймай, қазба жұмыстарының әдістерінен, соңғы археологиялық жаңалықтар туралы да ақпарат алынады. Археологиялық материалдарды тарихи кезеңдеріне қарай кешенді түрде орналастыруға болады. Археологиялық экспозицияларда міндетті түрде тематикалық, типологиялық, типтік принциптер қолданылады. Археологиялық экспонаттарды көрсету кезінде мысалға қазба нәтижесінде шыққан әйелдер эшекейін қарастыратын болсақ, олар бірыңғай ансамбль құрады. Көп музейлерде қазба жұмысының барысын сол қалпында беруге тырысады. Онда қабір, адамның мәйіті, топырақ иммитациясы т.с.с. көрсетіледі. Бұл тәсілді пайдалануда экспонаттардың түпнұсқалығына, оның барынша сақталуына мән беріледі [1].

Ежелгі адамдардың мекендеген орындарын археологияда тұрақ, қыстақ (стоянка, селище) бұзылған ескі қалалар (городище) деп бөледі. Әдетте қола және темір ғасыры ескерткіштерін қыстақ, көне қалалардың орны деп атайды. «Тұрақ» деген ұғымды көбінесе тас және қола дәуіріне байланысты қолданады [2,6.24].

Археологияда адам қызметінің қалдықтары сақталған қабатты «мәдени қабат» деп атайды. Мәдени қабаттың қалыңдығы сол жерді мекен еткен адамдардың тіршілігінің ерекшелігіне қарай бірнеше сантиметрден ондаған метрге дейін жетеді. Өр түрлі археологиялық кезеңдердің қалдықтары кездесетін көп қабатты ескерткіштер де болады. Адам қызметінің ешқандай ізі сақталмаған топырақ қабаты да кездеседі. Оны стерильді қат-қабаг деп атайды да, осы археологиялық нысанның тарихындағы үзілістерді көрсетеді. Бір учаскедегі мәдени қабаттар мен стерильді қабаттардың алмасуы «ескерткіш стратиграфиясы» деп аталады [2, 6.76].

Ежелгі мәдени қабаттың өзінен төмен жатқан және адам қызметінің іздері кездеспейтін жер қабаттары археологияда «материк» деп аталады. Мәдени қабат бүркеп жатқан ежелгі қара топырақты қабатты «жерленген топырақ» дейді.

Археология ғылымы Қазақстанда жақсы дамып, өзіндік мектебі қалыптасқан ғылыми саланың бірі. Археологиялық қазба материалдардың дені еліміздің музейлерінің қорларына алынады. Соңғы уақытта археология ғылымы саласында жаңалықтар ашылып, қызықты археологиялық олжалар табылуда.

Отандық музейлік археология қорының қайыптасуына археология саласының белді ғалым-

дары Ә. Х.Марғұлан., К. Ақышев., К. М.Байпаков., У.Х. Шәлекенов., З.С.Самашев, Ә.Т. Төлеубаев, т.б. ғалымдардың ашқан жаңалық-тары мен тапқан олжалары маңызды орын алады.

Археологиялық деректерді сақтап отырған ең ірі музей қатарына Орталық мемлекеттік музей жатады. Музейдің палеонтология мен археологияға арналған залы Қазақстанның барлық дерлік аймақтарынан және әр түрлі археологиялық кезеңдерді қамтыған материалдарды көрсетеді [3, 6.12-35]. Залдағы экспозиция тас ғасыры, қола дәуірі, ерте темір және орта ғасырлар деп бөлінеді. Экспонаттар тақырыптық және хронологиялық жүйемен қойылған. Экспозиция адамзат баласының пайда болуы және дамуымен басталады. Тас дәуіріне арналған экспозицияда палеолит, мезолит пен неолит кезеңдерінің тас құралдары қойылған. Олар тас құралдарды өндеудің даму эволюциясын тұрпайы тас қарулардан жетілген садақ оқтары мен найза жебелеріне дейін көрсетеді.

Экспозицияда архаикалық тастан жасалған құрал-жабдықтардың түрлері шапқылар, үшкір тастар, тескіштер, қырғыштар т.б. қойылған.

Экспозиция мазмұнындағы Таңбалы тас, Ешкіөлмес петроглифтері қона дәуіріндегі Қазақстанды мекендеген тайпалардың шаруашылығы мен дүниетанымдық көзқарастарын айқындайды.

Экспозицияда тас ғасырының құралдары жебе, садақ, найза, дротиктер, ірі пышақтар, т.с.с. қойылған.

Музей залында қола дәуірі ауқымды көрсетілген. Қола дәуірінің мәдениеті металл, тас бұйымдарымен, еңбек құралдарымен, қару-жарақтар, әшекей заттар сияқты тұрмыстық бұйымдармен қамтылған. Музейдегі қола дәуіріндегі жерлеу ғұрпының макеті, музейдің экспозициясындағы

Бұғылы 1 тұрағының диаромасы мен Бұғылы 3 тұрағының макеті айрықша саналады.

Экспозициядағы Есік, Бесшатыр, Шілікті, Берел археологиялық нысандарының олжалары өте маңызды музейлік экспонаттарға жатады. Археология залында көне заманның қару-жарақ түрлері, ыдыс-аяқтары, тұрмыстық заттары мен ритуалдық дүниелері қойылған [3,6.26].

Сондай-ақ, экспозициядағы тас балбалдар, қыш пеші, су құбыры жүйесі, Айша-Бибі кесенесінің, Қожа Ахмет Иассауидің архитектуралық кешені үлгілері музейлік дерек ретінде маңызды.

Қазақстан археологтарының қазба жұмыстарының нәтижесі ҚР Орталық Мемлекеттік музейдің ұйымдастырған көрмелерінің ішінде 2006 жылы Астанада өткен «Шілікті қорғанының қазынасы», 2007-жылы Германияда өткен «Қазақстанның археологиялық алтыны», 2008 жылы Астанада өткен «Оңтүстік Қазақстанның ежелгі эпиграфиялық және археологиялық ескерткіштері (б.з.б.ІІ - б.з. ІV ғғ.)», Астананың 10 жылдығына арналған «Сақтардың алтыны» атты көрмелері тарих ғылымымен қатар музейлік деректанудың дамуы үшін айтулы оқиға болды [ОММ материалдары].

Әдебиеттер:

1. Алешковский М.Х. Изучение и описание археологического музейного предмета (на материалах славяно-русской археологии). Сб. Трудов научно-исследовательского института культуры. Т21. С.78 - 126.
2. Ашурков В.Н., Кацюба Д.В., Матюшин Г.Н. Историческое краеведение в Казахстане. - Москва: Просвещение, 1980
3. Центральный Государственный музей Республики Казахстан. Путеводитель. - Алматы, 2003.- 105с.

Рецензент: д.и.н., профессор Мухатова О.Х.